

Уран мен минералды тыңайтқыштар қорларын жасау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 наурыздағы N 237 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Уран өндірісінің бірегей технологияларын сақтау, сондай-ақ олармен халықаралық нарықтарға тұрақты түрде шығу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ атом энергиясы мен өнеркәсібі кәсіпорындары мемлекеттік корпорациясының кәсіпорындарында 500 тонна көлемінде уранның шала тотығы мен тотығының және 100 мың тонна минералдық тыңайтқыштардың мемлекеттік қ о р ы ж а с а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне "КАТЭП" корпорациясына бір жылдық мерзімге 25 проценттік жылдықпен 5 млрд. сом кредит ресурстарын беру ұсынылсын, ал Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі коммерциялық банктердің қолданылып жүрген ставкалар мен жеңілдікті проценттік ставкалар арасындағы айырым шығындарына республикалық бюджеттен өтем жасалуын көздейтін болсын.

3. Кредиттің уақтылы өтелуі, уранның шала тотығы мен тотығының және минералды тыңайтқыштардың қорларына қажетті күтім жасаудың орындалуы, олардың физикалық қорғалуы мен сапасының қолдануы экологиялық қауіпсіздіктің сақталуы үшін жауапкершілік "КАТЭП" корпорациясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі